

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нотариустарын аттестациядан өткізу туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрі 1997 жылғы 24 қарашадағы N 109 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 423. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 148 (V042881) бұйрығымен.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 105-бабын басшылыққа ала отырып, Бұйырамын:

мемлекеттік нотариустарды аттестациялау туралы ұсынылған Ереже бекітілсін.

Мемлекеттік нотариустарды аттестациялау туралы 30.07.97ж. Ереженің күші жойылды деп танылсын.

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" Заңының 105-бабына сәйкес мемлекеттік нотариустар аттестациядан өтуге тиіс.

Мемлекеттік нотариустарды аттестациядан өткізу олардың біліктілік деңгейін бағалау және осының негізінде олардың лауазымына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

2. Мемлекеттік нотариустарды аттестациядан өткізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен Орталық аттестациядан өткізу комиссиясы және аймақтық аттестациядан өткізу комиссиялары құрылады.

3. Орталық аттестациядан өткізу комиссиясы Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекіткен Ереже негізінде қызмет етеді, орталық аттестациядан өткізу комиссиясы аймақтық аттестациядан өткізу комиссияларының шешімдеріне берілген шағымдарды қарайды, аттестациядан өткізу басталған күннен бастап, бір жыл ішінде дәлелді себептер бойынша аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясына аттестациядан өтеуге екінші рет келмеген нотариустарды аттестациядан өткізеді, сондай-ақ нотариустарды аттестациядан өткізуге арналған сұрақтар тізімін бекітеді.

Аймақтық аттестациядан өткізу комиссияларының мүшелері болып табылатын мемлекеттік нотариустарды (Нотариустар кеңестерінің төрағалары) аттестациядан өткізу басталғанға дейін аймақ аттестациядан өткізу

комиссиялары төрағаларынан тұратын комиссия осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде аттестациядан өткізуге тиіс.

Нотариустарды аттестациялау сұрақтарының тізімі Әділет министрлігімен мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Сұрақтар тізімі Орталық аттестациядан өткізу комиссиясымен бекітіледі және облыстық әділет басқармаларына аттестация басталғанға дейін қырық бес күннен кешіктірілмей, ж і б е р і л е д і .

Аттестация сұрақтарының тізімі облыстық әділет басқармалары мен аттестациялауға жататын барлық нотариустарға аттестация басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей, қолдарын қойдыра отырып тапсырылады.

4. Аймақтық комиссиялар тиісті облыстардың, республикалық мәні бар қалалардың және астананың мемлекеттік нотариустарын аттестациядан өткізуді ж ү р г і з е д і .

5. Нотариалдық қызмет стажына қарамастан аттестациядан өткізу сәтінде жоғары заң білімі бар, жұмыс істеп жүрген мемлекеттік нотариустар аттестациядан өтеуге тиіс.

Нотариустарды (аймақтық аттестациялық комиссиялардың хатшыларын) негізгі жұмыс орны бойынша аймақтық комиссиялар аттестациядан өткізуге тиіс.

6. Жүктілігі, босануы және баланы күтуіне байланысты демалыста жүрген немесе баланы үш жасқа толғанша оны күту жөніндегі еңбекақысыз қосымша демалыста жүрген әйелдер, сондай-ақ жыл сайынғы демалыста, қосымша демалыста, еңбек ақысын сақтаусыз демалыста жүрген және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша демалыста жүрген әйелдер жұмысқа шыққан соң аттестациядан өтуі тиіс.

Жүктілігі және босануы немесе баланы күтуіне байланысты демалыста жүрген нотариустардың міндеттерін орындаушы адамдар жоғарыда аталған адамдар жұмысқа шыққанға дейін жұмыс жасай береді, олар аймақтық комиссияларда аттестациядан өтуге тиіс.

7. Аттестациядан өтушілерге арналған жадығаяттарды Орталық және аймақтық аттестациялық комиссияларға облыстық әділет басқармаларының бастықтары береді. Аттестациядан өтушілерге арналған жадығаттар аймақтық аттестациялық комиссияға аттестация басталар алдындағы бір күннен кешіктірілмей беріледі.

8. Орталық және аймақтық аттестациядан өткізу комиссияларында аттестациядан өткізу мерзімдері әділет министрімен анықталады.

9. Орталық аттестациядан өткізу комиссияларының қызметін ұйымдастыру - техникалық қамтамасыз ету Әділет министрлігіне, ал аймақтық аттестациялық комиссиялардың қызметін қамтамасыз ету әділет басқармаларына жүктеледі.

II. Аттестацияны дайындау және өткізу тәртібі

10. Аттестациядан өтуге тиіс нотариусқа арнап мыналар ұсынылады:

- 1) әділет басқармасы бастығының ұсынуы;
- 2) аттестациядан өтушінің кәсіптік, іскерлік және адамгершілік қасиеттері көрсетілген қызметтік мінездемесі;
- 3) білімі жөніндегі дипломының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) аттестациядан өтушінің өз қолымен жазған өмірбаяны;
- 5) әділет басқармасы кадр бөлімінің бастығы куәландырған көлемі 3x4 фотосуреті бар аттестациядан өтушінің жеке қағазы.

Берілген материалдарға аттестациядан өтушінің нотариалдық әрекеттеріне қатысты соттардың бар қаулыларының көшірмелері, соңғы екі жыл ішіндегі мадақтаулар мен тәртіптік жазалар туралы бұйрықтардың көшірмелері, әділет басқармасы алқасы қаулыларының көшірмелері, аттестациядан өтушінің кәсіптік қызметін 1995-97 жылдар арасында тексеру нәтижелері жөніндегі анықтамалардың көшірмелері, соңғы екі жыл ішінде аттестациядан өтушінің үстінен берілген шағымдар туралы мәліметтер және олар бойынша әділет органдары қабылдаған шешімдердің көшірмелері қоса берілуге тиіс.

Аттестациядан өтуге тиіс нотариус берілетін мінездемемен немесе материалдармен аттестациядан өткізу басталар алдындағы жеті күннен, сондай-ақ аттестацияның басталуы мен өткізілетін орны туралы оның басталарына дейінгі үш күннен кешіктірмей қол қойып танысу қажет.

11. Аймақтық аттестациялық комиссия осы Ереженің 10-тармағымен көзделген талаптарын орындамаған жағдайда аттестациялық емтиханды тапсыруға нотариусты жіберуден бас тарту туралы жазбаша шешім қабылдайды.

12. Аттестациядан өткізу аттестациядан өтушінің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

13. Компьютерлік аттестациялық емтихан тапсыру барысында аттестация өткізуге арналған сұрақтар тізіміне енгізілген 100 сұрақтың 65-не дұрыс жауап берген нотариус аттестациядан өткен болып есептеледі.

Аттестациядан өткізуге арналған сұрақтар тізімін енгізілген 100 сұрақтың 55-нен бастап 65-не дейін дұрыс жауап берген нотариусқа аттестациядан өткізу комиссиясының мүшелері қосымша ауызша сұрақтар қоя алады.

Бұл жағдайда аттестациядан өткізу немесе аттестациядан өткізбеу туралы шешім қосымша сұрақтарға берілген жауаптар нәтижесін ескере отырып қ а б ы л д а н а д ы .

14. Аймақтық аттестациядан өткізу комиссияларының мәжілістері оның мүшелерінің кемінде төрттен үші қатысқанда заңды болады.

Комиссия мәжілісінде хаттама жүргізіледі. Хаттамада мыналар көрсетілуге

т и і с :

мәжілістің өту уақыты мен орны, комиссия құрамы, аттестациядан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы, емтихан нәтижелері, аттестациядан өтушіге қойылған қосымша сұрақтар, сондай-ақ комиссия қабылдаған шешім.

Комиссия шешімі оның мүшелерінің жалпы санының үштен екісінен құралатын қарапайым көпшілік даусымен аттестациядан өтушінің қатысуынсыз қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы ш е ш у ш і б о л а д ы .

Мәжіліс шешіміне және хаттамасына оның барлық мүшелері қол қояды.

Аттестациядан өтушіні аттестациядан өткізу нәтижелері дәл сол күнде хабарланады. Комиссия шешімі аттестациядан өтушіге оның өтініші бойынша б е р і л е а л а д ы .

15. Аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясының шешімі хаттамадан бөлек ресімделеді және онда комиссияның аттестациядан өтуші үміткер жөніндегі және мынадай қ о р ы т ы н д ы с ы б о л а д ы :

- а т т е с т а ц и я д а н ө т т і ;

- а т т е с т а ц и я д а н ө т к е н ж о қ .

Аттестациядан өткізу басталған күннен бастап алты ай ішінде нотариус дәлелсіз себептермен немесе белгісіз себептермен қайтадан келмеген жағдайда аймақтық аттестация өткізу комиссиясы "Аттестацияға келмеуіне байланысты аттестациядан өткен жоқ" деген шешім қабылдайды.

16. Аймақтық аттестация өткізу комиссиясының нотариустың аттестациядан өтпегендігі туралы шешімін аттестациядан өткен адам комиссия шешімінің көшірмесін алған күннен бастап, он күн ішінде Орталық аттестациядан өткізу комиссиясына ш а ғ ы м д а й а л а д ы .

17. Орталық аттестациядан өткізу комиссиясының шешімдері үзілді-кесілді ш е ш і м б о л ы п т а б ы л а д ы .

18. Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" Заңының 105-бабының 2-тармағына сәйкес аттестациядан өтуге жіберілмеген, сондай-ақ аттестациялық комиссиялар аттестациядан өткізбеген мемлекеттік нотариустар республиканың қолданылып жүрген еңбек туралы заңдарына сәйкес лауазымдарынан б о с а т ы л а д ы .

19. Аймақтық және орталық аттестациядан өткізу комиссияларының нотариустардың аттестациядан өтуі туралы шешімдері олар қабылданған күннен бастап он күн ішінде, аттестациядан өткен мемлекеттік нотариустарды қайта тағайындау туралы немесе аттестациядан өтпеген нотариустарды қызметтерінен босату туралы бұйрық шығару үшін облыстық әділет басқармаларына жіберіледі.

Аймақтық аттестациялық комиссияның ШЕШІМІ

Сынақтан өтушінің аты-жөні _____

Сынақтан өтушінің қызметі _____

Білімі _____

Мамандығы _____

Жалпы стажы _____

Нотариалдық қызмет стажы _____

Комиссия шешімінің мазмұны _____

Комиссия төрағасы:

(қ о л ы)

Комиссия хатшысы:

(қ о л ы)

Комиссия мүшелері:

(қ о л ы)

Аттестация күні: " " _____ 199 ж. _____

Комиссия шешімімен таныстым: _____

(сынақтан өтушінің қолы)

Комиссия шешімі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне
жіберілді _____

күні